



**АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Курс тақырыбы:  
**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН  
БАЛАЛАР АРАСЫНДА СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ**

36 сағат

- **Бағдарламаның мақсаты:** кәмелетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу бойынша орта білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби құзыретін жетілдіру.
- **Міндеттері:**
  - білім алушылар арасында суицидтің алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіру;
  - суицидтің алдын алу бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруда өзара әрекеттесудің заманауи формалары мен әдістерін қолдану;
  - өзіне-өзі қол жұмсау және суицидтік әрекеттер кезінде шара қолданудың практикалық әрекет ету алгоритмдерін әзірлеу;
  - балалардың суицидтік мінез-құлқын ерте анықтау бойынша диагностикалық зерттеулердің негіздерін қолдану.
- **Күтілетін нәтижелер:**
  - Курс бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын тереңдету;
  - оқушылар арасында суицидтің алдын алу және жұмысты жоспарлау бойынша педагогикалық ұжымның қызметін ұйымдастыру;
  - суицидтің алдын алу бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруда өзара әрекеттесу әдістері мен формаларын қолдану;
  - өзіне өзі қол жұмсау және суицид әрекеттері кезінде шара қолдану алгоритмдерін пайдалану;
  - балалардағы суицидтік мінез-құлық қаупін ерте анықтау және диагностикалаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.



# «Таныс болайық» психологиялық тренингі

## Жоспары:

- Сәлемдесу. «Шеңбер бойымен жалғасқан есім»
- Сергіту жаттығуы «Орын ауыстырайық»
- Шығармашылық жұмыс – таныстыру - бейджик дайындау
- Рефлексия «Біз достарға бақыт, қуаныш, мейірім.... тілейміз»



АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ

**1.1 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӨМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПЕН  
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ РЕТТЕЙТІН  
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**



**Мақсаты:** Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың алдын алуды реттейтін заңнамалық және нормативтік актілер мен құжаттарды енгізу.

**Міндеттері:**

- суицидтік мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың алдын алуды реттеу заңнамалық және нормативтік актілермен және құжаттармен танысу;
- баланың құқықтары мен қорғалуы бойынша негізгі нормативтік құжаттарды зерделеу;
- суицидтің алдын алудағы заңдардың маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру.



## ДӘРІС ЖОСПАРЫ

- Суицидтің, зорлық-зомбылықтың алдын алудың және білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптерін реттейтін заңнамалық, нормативтік актілер мен құжаттар.

**«Балалардың өз-өзіне қол жұмсауы - бұл бәріміз үшін қайғылы жағдай. Неліктен балалар мұндай қадамға баратыны туралы байыпты ойлану керек. Қатты өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу қажет. Бұл, шын мәнінде, білім беру процесі сапасының негізгі критерийі болып табылады. Біздің ортақ міндетіміз – өмірлік қиын-қыстау замандардан өте алатын және ерік-жігері берік оптимистердің жаңа буынын қалыптастыру. Басқа жолмен мүмкін емес».**



**Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев -**  
Қазақстан  
Республикасының президенті



## Нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясы
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі
- Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі
- «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 «Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру және жасөспірімдер арасындағы суицидті арттыру мәселелерін шешудің 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қаулысы.
- 2016 жылғы 20 шілдедегі № 459 өзгерістер мен толықтырулармен «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.
- ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 102, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 95, Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 95 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 11 наурыздағы № 201 «Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу жобасын кезең-кезеңімен іске асыру туралы» Заңы.





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

*Конституция 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданды.*



### 1-бап

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

### 17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

### 34-бап

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

## БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары туралы» Конвенция, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Бала құқықтары туралы Конвенцияларды бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген.



**Біріккен Ұлттар Ұйымының** бала құқығы туралы конвенциясы - балалардың құқықтарын қорғауға өзіне міндеттеме алған елдерде ратификацияланған маңызды келісім.

Бала құқығы туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың барлығы да бірдей маңызды және де оларды балалардан бөлек қарастыру мүмкін емес.



# БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ



## 1. Бала жайлы анықтама

Өз елінің заңына сай 18 жасқа толмаған әрбір адам бала болып табылады, және ол осы Конвенцияда бекітілген құқықтарға ие.

## 2. Кемсітушілікті болдырмау

Әрбір бала нәсіліне, терінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, әл-ауқаты мен әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, осы Конвенцияда көрсетілген барлық құқықтарға ие. Ешкімді кемсітуге болмайды.

## 3. Баланың мүдделерін қорғау

Шешімдерді қабылдау барысында үкімет балалардың мүдделерін барынша қамтамасыз етіп, оларға ерекше қорғау мен күтімді көрсетуі тиіс.

## 6. Өмір сүру, аман болу және даму құқығы

Әрбір баланың өмір сүруге құқығы бар, және үкімет баланың психикалық, эмоциялық, ақыл-ой, әлеуметтік және мәдени деңгейін қолдай отырып, оның аман-есен, сау болып дамуын қамтамасыз етуге міндетті.

## 12. Баланың көзқарасы

Бала өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша көзқарасын еркін білдіруге құқылы. Үлкендер балалардың пікіріне құлақ асулары қажет.

## 19. Қатыгездік пен немқұрайлықтан қорғау

Үкімет баланы ата-аналар немесе басқа адамдар тарапынан болатын зорлық-зомбықтың барлық түрлерінен, немқұрайлылық пен қиянат көрсетушіліктен қорғауы қажет, сондай-ақ ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті.

## 27. Өмір сүру деңгейі

Балалар өздерінің толыққанды дамуы үшін тамаққа, киімге және қауіпсіз тұрғын жайға құқығы бар. Үкімет бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндіктері жоқ отбасылар мен балаларға көмектесуі тиіс.

## 28. Білім алу

Әрбір бала білім алуға, мектепке баруға құқылы. Бастапқы білім алу тегін болуы тиіс. Ал одан кейінгі берілетін білім әрбір бала үшін қолжетімді болуы керек. Мектепте бала құқықтары толық қорғалып, оның адами қадір-қасиеті құрметтелуі керек. Балалардың мектепке үнемі баруын үкімет қадағалап, бақылайды.

## 32. Балалар еңбегі

Үкімет баланы қауіпті және зиянды жұмыстан қорғауы қажет. Жұмыс баланың білім алуына, рухани және физикалық дамуына кедергісін келтірмеуі керек.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 заңы

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 2-бап. Осы Заңның қолданылуы

2. Осы Заңның баланың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін нормаларының күші кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық әрекетке қабілеттілігін толық көлемінде алған балаларға қолданылады.

## 2-тарау. БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

### 6-бап. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары

Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары: балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

## 4-тарау. БАЛА ЖӘНЕ ОТБАСЫ

### 24-бап. Ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті

1. Ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын жасауға міндетті.
2. Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

## 7-тарау. БАЛА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

### 36-бап. Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

## 10-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 48-бап. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау

1. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.
6. Білім беру ұйымдарында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі.

### 52-бап. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.

1. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталады және оны уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған құзыреті шегінде жүзеге асырады.





#### **28-бап. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру**

1. Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Орта білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

3. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

4. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.

**Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.**



**БІЛІМ ТУРАЛЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ № 319 ЗАҢЫ**

**48-бап. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау**

1. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

6. Білім беру ұйымдарында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі.



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.



## 105-бап. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу

1. Жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

### 2. Мынадай:

1) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға қатысты;

2) екі немесе одан көп адамға қатысты;

3) адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы немесе қылмыстық топ жасаған;

4) телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы жасалған дәл сол іс-әрекет – бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2018 № 170-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ



## 106-бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

1. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
  - 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
  - 3) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан;
  - 4) аса қатыгездікпен;
  - 5) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
  - 6) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша;
  - 7) бұзақылық ниетпен;
  - 8) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;
  - 9) жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатында;
  - 10) бірнеше рет;
  - 11) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
  - 12) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан не қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**Ескерту. 106-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ



## 107-бап. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру

1. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру – бір мың айлық есептік көрсеткіш бойынша мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
- 3) аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 4) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған;
- 5) бұзақылық ниетпен;
- 6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;
- 7) бірнеше рет;
- 8) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

***Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.***



## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

### **127-1-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған немесе кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламау**

1. Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлерінің құқық қорғау органдарына білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өздеріне белгілі болған фактілер туралы хабарламауы, егер бұл іс-әрекеттерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 434-бабында көзделген, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол іс-әрекет – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

**Ескерту. 12-тарау 127-1-баппен толықтырылды - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**



## **ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ** **Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV заңы.**

### **3-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының принциптері**

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері сақталуына кепілдік беру;
- 3) адамның және азаматтың дене зардабын және (немесе) психикалық зардап шегуіне жол бермеу;
- 4) отбасын қолдау және сақтау;
- 5) құпиялылық;
- 6) өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адаммен және азаматпен жеке жұмыс жүргізу;
- 7) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы;
- 8) кешенділік және жүйелілік принциптеріне негізделеді.



# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV заңы.



## 4-бап. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.
2. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.
3. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.
4. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.
5. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV заңы.

## 11-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

- 1) алып тасталды - ҚР 18.02.2014 [№ 175-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) жергілікті атқарушы органдардың тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылу қажеттіліктеріне талдау жүргізуіне мониторинг жасауды қамтамасыз етеді;
- 3) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;
- 4) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді және білім беру ұйымдары жұмысының практикасына енгізеді.

**Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы.**

| № п/п | Іс-шара атауы  | Аяқталу нысаны     | жауаптылар               | Орындалу мерзімі                | Қажетті қаражат,<br>млн. теңге |              |          |          | Қаржы | Номер БП |          |
|-------|--|--------------------|--------------------------|---------------------------------|--------------------------------|--------------|----------|----------|-------|----------|----------|
|       |  |                    |                          |                                 | 2020-2023 жылдар               | Соның ішінде |          |          |       |          |          |
|       |  |                    |                          |                                 |                                | 2020 жыл     | 2021 жыл | 2022 жыл |       |          | 2023 жыл |
| 2     | Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу, олардың арасындағы суицид, құқық бұзушылықтар (буллинг) мәселелері бойынша, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және білім беру органдары мен ұйымдарын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша БҒМ-нің құзыретін кеңейту бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Үкіметке ұсыныстар | БҒМ, ҰЭМ, ДСМ, Еңбекмині | 2020 жылдың екінші жартыжылдығы |                                |              |          |          |       |          |          |
| 5.    | Білім беру ұйымдарында татуластыру қызметін (медиация) құру тәжірибесін зерделеу және тарату   | БҒМ                | БҒМ, ЖАО                 | 2020-2023 жылдар                | Қажет етпейді                  | -            | -        | -        | -     |          | -        |



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 102 бірлескен бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 95 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу жобасын кезең-кезеңімен жүзеге асыру туралы (2015 жылғы 23 желтоқсандағы өзгертулермен)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 28 қарашадағы өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастарды, адамгершілік-этикалық және рухани құндылықтарды нығайту жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған ұлттық іс-шаралар жоспарының 36-тармағына сәйкес 2014 жылғы № 139-р **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**1-тармақ жаңа редакцияда** - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 960, ҚР Білім және ғылым министрінің 23.12.2015 № 960 бірлескен бұйрығымен. 701 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің (бұр. ред. қара) Заңдарымен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі – РССППН) (келісім бойынша) :

# Қазақстан Республикасы балалар құқықтары жөніндегі үкілетті, сенім телефондары - 111, 150

Сіз балаңыз оқитын мектептегі психологқа, сонымен бірге тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға кеңес алу үшін көріне аласыз. Қызмет тегін көрсетіледі.



Мектепке дейінгі және орта білім жөніндегі  
КОМИТЕТ:

8 (7172) 74 27 40.

Техникалық және кәсіптік білім беру департаменті:

8 (7172) 74 20 31, +7 747 717 10 68.


Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі:

8 (7172) 74 16 24, 8 (7172) 74 20 67, 8 (7172) 74 23 52, +7 708 664 10 40.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне келесі телефондар бойынша хабарласуға болады: +7 (7172) 74 25 28, +7 776 170 73 83, +7 777 183 65 67, +7 701 378 66 29.



Сіз балаңыз оқитын мектептегі психологқа, сонымен бірге тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға кеңес алу үшін көріне аласыз. Қызмет тегін көрсетіледі. Жастар денсаулық орталықтарының желісі. Жастар денсаулық орталықтары – [hls.kz](https://hls.kz)




ҚАЗ РУС ENG

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОРПАЦЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҮЛІТТІК ОРТАЛЫҒЫ

ГЛАВНАЯ О ЦЕНТРЕ ▾ ПРЕСС-СЛУЖБА ▾ ДЛЯ МЕДРАБОТНИКОВ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ ЖУРНАЛ ▾ КОНТАКТЫ 🔍

О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ ЗДОРОВЬЯ




МЕНЮ

- ▶ КОРОНАВИРУСНАЯ ИНФЕКЦИЯ 2020-2021ГГ
- ▶ КУРЕНИЕ И ПОТРЕБЛЕНИЕ ТАБАКА
- ▶ ПУБЛИКАЦИИ
- ▶ МОЛОДЕЖНЫЕ ЦЕНТРЫ ЗДОРОВЬЯ
- ▶ ПРОФИЛАКТИКА ПОВЫШЕННОГО ВЕСА И ОЖИРЕНИЯ У ДЕТЕЙ
- ▶ АСТАНИНСКАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ ПО ПМСП ДЛЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДОРОВЬЯ



**Сондай-ақ, қазіргі уақытта халыққа, оның ішінде кәмелетке толмағандарға бағытталған суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған көптеген үкіметтік емес ұйымдар бар. Олар жасөспірімдерге, олардың ата-аналарына және жасөспірімдермен жұмыс жасайтын мамандарға психологиялық көмек пен жұмсақ дағдыларды ұсынады.**

«Just Support» қоры (@justsupportkz) балалар мен ата-аналар қарым-қатынастарын қолдау саласындағы жобалармен айналысады. Балалармен жұмыс істейтін мамандар үшін оқыту іс-шараларын жүргізеді, түрлі бағдарламалар бойынша әдістемелік қолдау көрсетеді.



# Жасөспірімдерге және олардың қасындағы адамдарға көмектесуге бағытталған қазақстандық TEENS жобасы

Әрбір адам **TEENS** жобасының сайтына кіре алады - **teenslive.kz** тіркеліп, жеке кабинетіңізге кіріңіз және жасөспірімнен тест тапсыруын сұраңыз, оның нәтижелері бойынша психологқа бару керек пе, әлде алаңдамау керек пе екенін біліңіз. Сондай-ақ, мұнда сіз мамандардың байланыстарын таба аласыз, олар сізге кеңес бере алады.

Teens

[Главная](#) [Информация](#) [Контакты](#) [Offline](#) [Вход/Регистрация](#)



Teens



Тем кто рядом



Куда обратиться



Свяжитесь с нами

Активация W  
Установка W



## Сұрақтар:

- Бала құқықтары туралы Конвенцияның қандай баптары зорлық-зомбылықтың алдын-алуға бағытталған?
- Суицидтің алдын алу бойынша жасөспірімдерге және олардың қасындағы адамдарға көмектесуге бағытталған қандай бағдарламаларды білесіздер?

## ЭТИКАЛЫҚ ДИЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР

- Салдарымен емес, себептерімен жұмыс жасаңыз.
- Әр оқу жылының басында балаларыңызбен мектеп ережелерін, олардың құқықтары мен міндеттерін талқылаңыз және Сынып ережесін әзірлеңіз.
- Бала мектеп ережелерін бұзған жағдайда, баланы көпшіліктің көзінше ұрыспаңыз, ұрыспаңыз, бірден ата-анасына телефон шалмаңыз. Мүмкін, бала қазірдің өзінде қиын жағдайды бастан кешіріп, назар аудартуға тырысады.
- Мектеп жаза мен қорлау емес, **ТӘРБИЕ** мекені. Балаларға ең алдымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сүйене отырып, қоғамдағы мінез-құлық ережелерін: олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін үйрету қажет.
- Балаларға үлгі болыңыз. Біз балаларға қаншалықты жанашырлық пен қолдау көрсетсек, соғұрлым олар біздің кеңестерімізді тыңдайды.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Қасым-жомарт тоқаев балалар арасындағы суицидтің артуына назар аударуға шақырды <https://astanatv.kz/kz/news/50393/>
- Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- Бала құқықтары туралы конвенция <https://www.Unicef.Org/kazakhstan/documents>
- Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
- Білім туралы заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
- Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000156>
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 102 бірлескен бұйрығы [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34004614](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34004614)
- Центры здоровья молодежи– [hls.kz](https://hls.kz)
- @justsupportkz